

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР МИНИСТРЛИҒИ

ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ



ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТИ

ПӘННИҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім саласы: 100000 – Білім
Оқыту саласы: 110000 – Білім
Оқыту бағыты: 60110800 – Ана тілі мен әдебиеті
(қазақ тілі және әдебиеті)

Шыршық - 2024

Пән/модуль коды XOI 1204		Оқу жылы 2024/2025	Семестр 2	Кредит 4	
Пән/модуль түрі Міндетті		Оқыту тілі: Қазақ тілі		Апталық сағат 4	
1.	Пәннің аты	Аудитория жаттығулары (сағат)	Өзіндік білім (сағат)	Жалпы жүктеме (сағат)	
	Халық ауыз әдебиеті	60	60	120	
2.	<p>I. Пәннің мазмұны</p> <p>Пәнді оқытудан мақсат – қазақ фольклоры ғылымының даму тарихы мен теориясын, халық ауыз әдебиеті мұраларын, жанрларын, олардың көп қырлы табиғатын, туу, таралу-сақталу ерекшеліктерін үйрету. Ауызша айтудың дәстүрлілігі, формулалығы, стильдік кестесі, фольклордың пайда болуын, жанрлар классификациясын меңгерту.</p> <p>Пәннің міндеттері – фольклордың тарихы мен теориясы, халық өнерінің ішінде фольклордың алатын орны, фольклорлық мұралардың көп қырлы табиғаты туу, таралу-сақталу ерекшеліктері туралы білім беру. Қазақ халқы өзінің қоғамдық кмірі, тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, дүниетанымы мен наным-сенімі, қуаныш-қайғысы, арман-үміті және т.б, жайында сан алуан түрлі өлең-жыр, аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер тегі мен табиғатын терең таныту.</p> <p>II. Негізгі теориялық бөлім (лекция жаттығулары)</p> <p>III. Пән құрамына төмендегі тақырыптар енеді:</p> <p>1-тақырып. Фольклор және фольклортану ғылымы туралы түсінік.</p> <p>Фольклортану – халықтың ауызша сөз өнерін зерттейтін классикалық ғылым саласы. Фольклордың қалыптасуы, даму тарихы жөніндегі ой-пікірлер. Халық өнерінің түрлері және олардың ішінде фольклордың алатын орны. Фольклор мен жазба әдебиет. Олардың ара-жігін ажрату.</p> <p>2-тақырып. Фольклордың тегі мен жанрына қарай жіктелуі, тарихи зерттеу принциптері.</p> <p>Фольклордың функциясына қарай жіктелуі. Тегіне қарай бөліну принциптері. Жанрлық түрлерінің бөліну жолдары. Жанрлардың дамуындағы ортақ процестер. Олардағы эпикалық, лирикалық және драмалық белгілердің орын алуы.</p> <p>3-тақырып. Қазақ фольклорының зерттелу тарихы.</p> <p>XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклорының этнографиялық бағытта зерттелуі. Жинау және жариялау жұмыстары.</p> <p>Ш.Уәлиханов пен Мэшһүр Жүсіп Көпеевтің қазақ фольклорын жинау</p>				

және зерттеудегі алатын орны. В.Радловтың, Г.Потанинның, А.Васильевтің, А.Алекторовтың, т.б. зерттеуші-ағлымдардың қазақ фольклортану ғылымына қосқан үлесі.

4-тақырып. Тұрмыс-салт жырлары.

Халық өлеңдерінің зерттелу тарихы мен классификациясы. Тұрмыс-салт жырларының отбасы, шарушалық, еңбек процестеріндегі түрлі салт, ырым, әдет-ғұрып, наным-сенімдерімен байланысы. Еңбек-кәсіппен байланысты туған өлең-жырлардың жанрлық түрлері. Отбасына байланысты туған өлең түрлері.

5-тақырып. Мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдердің жанрлық белгілері мен классификациялаудың принциптері. Мақал-мәтелдердің жиналуы мен зерттелуі. Мәтелдің мақалдан айырмашылығы. Қанатты сөздердің, афоризмдердің, фразеологиялық тіркестердің мақал-мәтелдермен арақатынасы.

6-тақырып. Жұмбақтар. Жаңылтпаштар.

Қазақ жұмбақтарының жиналу, зерттелу тарихы. Жанрық белгілері мен жасалу жолдары. Жаңылтпаш, өтірік өлеңдердің өзіндік ерекшеліктері.

7-тақырып. Шешендік сөздер.

Шешендік сөздердің қызметі мен қоғамдық мәні. Жанрлық ерекшеліктері. Шешендік сөздердің жиналу, зерттелу тарихы. Жанрлық түрлері: шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау. Шешендік сөздердің аңыздармен, мақал-мәтелдермен байланысы. Шешендік сөздердің эстетикалық, тәрбиелік маңызы.

8-тақырып. Ертегілер.

Халық прозасы туралы түсінік. Ертегілердің өзіндік ерекшеліктері. Жианлуы мен зерттелуі. Ертегілердің халықтық сипаты, ондағы қиялдың шығу негіздері, шындыққа қатысы. Қазақ ертегілерінің жанрлық түрлері. Хайуанттар жайлы ертегілердің пайда болу жолдары. Қиял-ғажайып ертегілердің жанрлық ерекшеліктері. Шыншыл ертегілердің өзіндік ерекшеліктері.

9-тақырып. Аңыз-әңгімелер.

Аңыз-әңгімелер. Жанрлық сипаты. Анықтамасы. Тарихи, мекендік және күй аңыздары. Әпсана. Жанрдың анықтамасы. Әпсананың түрлері. Аңыз-әңгімеден айырмашылығы.

10-тақырып. Эпостық жырлар.

Көне эпос. Анықтамасы мен негізгі белгілері. Сюжеттік құрамы мен тақырыбы.

Батырлар жыры. Жанрлық белгілері. Жиналуы, жариялынуы, зерттелуі. Батырлар жырының идеялық нысанасы, тақырыбы, халықтық сипаты. Батырлық жырлардағы халықтың саяси-әлеуметтік жағдайынан, жер-су, елді мекен, табиғат тұрмыс-тіршілік, рухани өмірінің көрініс табуы.

11-тақырып. Лиро-эпостық жырлар.

Лиро-эпос. Жанрлық сипаты, жиналуы мен зерттелуі. Сюжеті мен тақырыбы. Образдар жасау ерекшеліктері. Тарихи жырлар. Діни дастандар. Жанрлық ерекшеліктері.

12-тақырып. Айтыс.

Зерттелу тарихы, жанрдың сипаттамасы. Айтысты мазмұны мен тақырыбына, түріне қарай жіктеу. Бәдік, жұмбақ айтыстары. Салтпен байланысты айтыстардың көне екендігі. Сүре айтыс, түре айтыс, қайым айтыс – айтыс формаларының түрлері. Айтыстың ерекше дамыған түрі – ақындар айтысы. Айтыстың көркемдік ерекшеліктері.

III. Семинар жаттығулар бойынша әдістемелік нұсқау және ұсыныстар

Семинар жаттығулар үшін төмендегі тақырыптар ұсынылады:

1. Қазақ халық ауыз әдебиетінің дамуы мен қалыптасуы.
2. Қазақ фольклорының зерттелу тарихы
3. Тұрмыс-салтқа байланысты өлең-жырлар.
4. Үйлену салт өлеңдерінің шығу тегі, қалыптасу ерекшеліктері
5. Мақал-мәтелдердің танымдық-тәрбиелік сипаты.
6. Жұмбақтардың жиналуы мен зерттелуі.
7. Жаңылтпаштар
8. Ертегілер
9. Шешендік өнер.
10. Қазақ аңыз-әңгімелері.
11. Батырлар жыры.
12. Лиро-эпостық жырлар.
13. Айтыс.
14. Ақындар айтысы. Бірдан мен Сара айтысы туралы
15. Ғашықтық жырлардың танымдық-тәрбиелік мәні.

Семинар жаттығулар мультимедиа құрылмалармен жабдықталған аудиторияда бір академиялық топта бір профессор-оқытушы тарапынан өтілуі қажет. Жаттығулар актив және интербелсенді әдістер көмегінде өтілуі, сәйкес түрде педагогикалық және ақпарат технологиялардан қолдану мақсатқа сай.

IV. Өзіндік білім және өзіндік жұмыстар

Өзіндік білім үшін ұсынылатын тақырыптар:

1. Ауыз әдебиеті және фольклор ұғымдары туралы
2. Қазақ фольклористикасының зерттеу тарихы.
3. Төрт түлік және саятшылық туралы жырлар
4. Үйлену салт өлеңдерінің шығу тегі, қалыптасу ерекшеліктері.
5. Мақал-мәтелдер мен және халық даналығы.
6. Халық прозасы: миф, хикая, аңыз және ертегілер.

	<p>7. Батырлар жырындағы қаһармандық рух. 8. Тарихи жырлар, генезисі мен даму жолдары. 9. Лиро-эпостық жырлар. Басты қаһармандар обырызы. 10. Айтыс, тіл көркемдігі мен жалпы табиғаты. 11. Айтыстың түрлері. 12. Ертегілер және олардың түрлері. 13. Шыншыл ертегілер және оның өзіндік ерекшеліктері 14. Хайуанаттар туралы ертегілердің шығу тарихы 15. Қиял-ғажайып ертегілердің тұрмыспен байланыстылығы 16. Аңыз-әңгімелер. 17. Қазақ фольклорының зерттелу тарихы 18. Ақындар айтысы. Бірдан мен Сара айтысы туралы 19. «Алпамыс» жырындағы Алпамыс образы 20. Ғашықтық жырлардың танымдық-тәрбиелік мәні. Өзіндік меңгерілетін тақырыптар бойынша студенттер реферат жазу немесе оны презентация жасау ұсынылады.</p>
3.	<p>V Пәнді оқыту нәтижесінде (қалыптасатын компетенциялар) Пәнді меңгеру нәтижесінде студент:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақ фольклористика ғылымының қалыптасу, даму кезеңдері жайлы білуі; фольклористика мәселелерінің теориялық аспектілерін, мәнді кешенді түрде зерттеу машықтарын білу; ғылыми еңбектер мен оқулықтарға өзіндік талдау жұмыстарын жүргізе білу білімге ие болуы; (білім) • Халық поэзиясы мен прозалық жанр мәтіндерін кешенді түрде фольклорлық талдай білу; курсты оқу барысында жинаған білімдерін алдағы кәсіби қызметінде, ғылыми-зерттеу жұмысында пайдалана алу, теориялық білімді практикада қолдана білуі, дағды қалыптастыруға ие болуы; (дағды) • Әдеби және фольклорлық мұраларды саралай білу, сыни тұрғыдан бағалай алу ептілігіне ие болуы керек. (ептілік)
4.	<p>VI. Оқыту технологиялары мен әдістері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • лекциялар; • интербелсенді әдістер; • тақырып бойынша кейс-сатдилар • семинарлар (СТО, проблемалы оқыту, сұрақ-жауап, т.б.); • топтық жұмыс; • презентация жасау.
5.	<p>VII. Кредиттерді алу үшін талаптар: Пәнге тиісті теориялық және әдістемелік ұғымдарды толық игеру, талдау нәтижелері бойынша дұрыс шешім қабылдау, үйреніліп жатқан тақырып бойынша өзіндік ой-пікір айту және ағымдағы, аралық бақылау қалыптарында берілген тапсырмаларды орындау, қорытынды бақылау бойынша жазбаша жұмысты тапсыру.</p>

6.	<p>VIII. Негізгі және қосымша оқу әдебиеттер мен ақпарат деректері</p> <p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қалижанов У.Қ. және т.б. Қазақстандағы қазіргі заман фольклоры. Алматы, 2014. 2. Абдувалитов Е., Бектаев А. Фольклор және балалар әдебиеті. Ташкент, 2013. <p>Көмекші әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 4. Жүсіпов Н. Қазақ фольклорын жариялау мәселелері. Алматы, 2011. 5. Жүсіпов Н. Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері. Алматы, 2011. 6. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Астана, «Фрлиант», 2014. 7. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Астана, 2016. <p>Ақпарат ресурстары:</p> <p>http://www.edu.uz http://www.uzedu.uz http://www.gov.uz www.cspi.uz www.pedagog.uz www.edu.uz www.natlib.uz (A.Navoiy nomidagi O‘z.MK) www.ziyonet.uz - Ziyonet axborot-ta’lim resurslari portali</p>
7.	<p>Шыршық мемлекеттік педагогика университеті тарапынан істеп шығылған және университет Кеңесінің 2024 жыл “<u>29.08</u>” <u>1</u> дағы қаулысымен бектілген.</p>
8.	<p>Пән/модуль үшін жауапкерші: Н.Жарасбаев – ШМПУ-дің, “Өзбек тіл білімі” кафедрасы оқытушысы.</p>
9.	<p>Пікір білдірушілер: Т.Төрткулбаева – НМПИ, “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы ф.ф.ф.д. (PhD) Абдувалитов Н.Б. – ТМПУ, “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы доценті м.а., п.ғ.ф.д., (PhD).</p>